



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Во-вторых, право на экологическую информацию включает ряд правоотношений: право потребителя на получение достоверной, полной и своевременной экологической информации о потребляемых им товарах и продуктах питания, и право производителя на присвоение экологического знака производимой им продукции о безопасности и соответствия экологическим нормам и требованиям.

В-третьих, активное участие всех заинтересованных сторон в информировании общества об экологической безопасности производимой продукции будет способствовать повышению уровня экологического правосознания и экологического воспитания.

Список использованных источников

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2011 г.)- <http://online.zakon.kz/>
2. Кодекс Республики Казахстан от 9 января 2007 года № 212-III «Экологический кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 29.12.2014 г.)- <http://online.zakon.kz/>
3. Анисимова И.В., Фирсова К.А. Экологическая маркировка продукции: преимущества и процедура получения / Экология производства. 2006. № 7. С. 26-30.
4. http://www.supersadovnik.ru/article_house.aspx?id=1003410
5. <http://www.iso.org/iso/ru/iso14000>
6. http://eco.psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=81:2012-04-26-09-20-22&catid=36:2012-04-26-08-24-22&Itemid=2
7. <http://elit-galand.ru/trademark-eco>
8. <http://www.ecorussia.info/ru/ecopedia/ecomarkirovka>
9. <http://ekogradmoscow.ru/novosti/19429-ekologicheskaya-sertifikatsiya-i-standarty>
10. Сравнительный анализ законодательства и практики Беларуси и Европейского Союза по экологической маркировке продукции и упаковки, Минск, 2012
11. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
12. Кутузов В.И., Попов А.А. Доступ к экологической информации (правовые аспекты)/ Монография, Брянск: 2004. – 194 с.
13. Кутузов В.И., Попов А.А. Законодательное обеспечение права граждан на экологическую информацию // Журнал российского права. - Москва, 2002. - № 8.- С. 79 - 85.

УДК 349.6

АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА КЕЛТІРІЛГЕН ЭКОГЕНДІК ЗИЯННЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Турсынбай Бағлан Бахитжанұлы

diablo_007kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 4 курс студенті ,Астана

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к, доцент Жусипова Б.А.

Елімізде, қазіргі таңда терең және тұрақты теріс өзгерістерімен сипатталатын қолайсыз экологиялық жағдай туып отыр. Ресурстарды өндіру және пайдалану барысында қоршаған ортаға жүктелген ауыртпашылықтар ұлғая түсуде. Оның себебін көптеген факторлардан іздеуге болады, табиғи ресурстарды ретсіз, тиімсіз пайдалану, экология саласында құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің болмауы. және т.б. Қазақстан территориясының өте үлкен бөлігі әртүрлі факторлардың әсерінен кешенді ластанған, мысалы, ауаның, судың, жердің әртүрлі өндірістік зиянды қалдықтармен, улы газдармен және т.б. ластануы.

Оған полигондарды, сынақ алаңдарын, «Байқоңыр» ғарыш кешенің, ірі тау-кен өндірістерін, Балхаш, Арал, Каспий суларындағы экологиялық апаттарды, мыңдаған өндірістік кәсіпорын, заводтар мен фабрикаларды қосатын болсақ Қазақстан территориясының нағыз апат алаңы екенін байқауға ымызға болады [1].

Еліміздің территориясы дүние жүзінде 9-орынға ие болса да, шегі шектеулі. Жайылып жатқан территориямыздың жартысынан көбі өмір сүруге қолайсыз және ондай жерлердің көлемі күннен күнге өсуде. Мысалы: Атырау облысын алатын болсақ, мұнайды бұрғылау, өңдеу салдарынан адам өмірінің денсаулығына өте қауіпті зиянның тигізеді. Атмосферадағы азот оксидтері бұған қоса созылмалы аурулардың асқынуына ықпал тигізеді. Соңғы бірнеше онжылдықтың ішінде қоршаған орта мен адамдарға қауіпті жаңа фактор қалыптасты, ол электромагниттік толқындар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қоршаған ортаның электромагниттік ластануын адамзатқа төніп тұрған апат ретінде қарастырып отыр [2, 27-28 бб.]. Электроманшеттік өрістер барлық тіршілік көздеріне теріс әсер ететіні белгілі, соның ішінде адам организміне өте үлкен зардаптарын тигізеді. Биологиялық және медициналық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, электромагниттік өрістердің адамның нерв жүйесіне, ішкі мүшелеріне, физиологиялық дамуына тигізетін теріс зардаптары анықталған.

Сонымен қатар, кейінгі кезде шетел мамандарымен бірігіп өткізілген зерттеулерге сүйенетін болсақ, электромагниттік өрістердің әсерінен жүздеген аурулар түрлерінің жаппай таралуы анықталған және қалаларда өзін-өзі өлтіру фактілері көптеп тіркеле бастаған. Себебі, электромагниттік өрістер адамның ми құрылысына өте қатты әсер ете отырып дұрыс ойлау, есте сақтау қасиеттерін бірден бұзады [3, 54 б].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында телекоммуникацияның дамуына байланысты, электромагниттік өрістер де өсу үстінде. 1990 жылмен салыстырғанда елімізде, оның ішінде қалаларда, электромагниттік өрістердің таралуы ондаған есе өсе түскен, ірі қалаларда оның мөлшері қалыпты нормадан 1000 есе артқан. Су объектілеріне антропогендік салмақ пен оларды қалпына келу қабілетінің арасындағы теңгерімсіздік экологиялық қолайсыздықты іс-жүзінде барлық ірі өзен бассейндеріне тән етті, ал су шаруашылығының мұқтаждарын жеткілікті қаржыландырмау су объектілерінің барынша ластануына әкелді. Қазақстан халқының 70% санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес келмейтін суды пайдаланып отыр, ол судың көп бөлігі тіпті шаруашылық мақсаттар үшін пайдалануға келмейді. Суға тасталатын өндірістік қалдықтардың мөлшері аса үлкен масштабтарға жетті. Оған Ертіс өзені мысал бола алады, ондағы кейбір улы заттардың мөлшері нормадан 100-150 есе артық [4, 83б].

Қазақстан халқының біраз бөлігі тіпті жануарлар ішпейтін суды ауыз-су ретінде пайдаланып отыр. Қанша десек те сол суларды ластап отырған өндіріс орындарының саны азаюдың орнына, керісінше, одан әрі өсіп келе жатыр. Тікелей немесе биологиялық буын арқылы әсер етеді, яғни ластайтын заттар тасымалдау ортасы ауа, су арқылы, шоғырлану және сақталу ортасы: топырақ, түзілген қалдықтар тамақ (өсімдік, жануарлар) арқылы адамға әсер етуі мүмкін. Оның себебін жауапкершіліктің жоқ болуымен сипаттауға болады, олардың көбісі экологиялық зиянды өтеу кезінде аз мөлшердегі айыпты төлеу арқылы және басқа да жолдармен құтылып жатады..

Ластанған қоршаған ортаның жағымсыз әсері адамның денсаулығына зиян келтіретін экогенді зиянның тікелей көзі болып табылады. Сонымен бірге, қоршаған ортаның ластануы табиғи және антропогендік факторлардың бірігіп әсер етуі нәтижесінде жүзеге асады.

Табиғи ластау деп табиғи жаратылысы бар ластайтын заттардың, мысалы ғарыш бөлшектерінің, жаңартау күлгінің, өсімдіктер шаңының, теңіз тұздарының, өрті түтінінің қоршаған ортаға келіп түсуі. Антропогендік ластау адамның шаруашылық қызметінің әсерімен соның ішінде табиғи ластаудың құрамы мен қарқынына тікелей немесе жанама әсер ету арқылы мысалы гидроқұрлыс нәтижесінде қалыптасады.

Егер табиғи ластау белгілі себептермен құқықтық реттеуге жатпайтын болса, антропогендік ластау ғалымдардың берік назарында болып отыр.

Теориялық тұрғыда ластау көзі мен зиян келтіру көзі ұғымын ажырата білу керек.

Мысалы, ластайтын заттарды шығаратын шаруашылық объект антропогендік зиян көздері болып табылады.

Денсаулыққа келтірілетін зиянның қалыптасуы:

- табиғат күштері зиян келтіретін көз ретінде танылады;
- апат салдарынан шығарылатын ластайтын заттар;
- ластанған қоршаған ортаның жағымсыз әсері
- адам қызметі зиян келтіретін көз ретінде;
- ластанған қоршаған орта.

Бұл жерден жанама түрде тиетін зиянның механизмі экологиялық құқық бұзушылық арқылы денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қарағанда оларды дәлелдеу қиындыққа содырады.

Қоршаған ортаны улы заттармен ластау нәтижесінде адам денсаулығы үшін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімде де салдар пайда болуы мүмкін.

Экологиялық қауіпсіздік - жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал ету нәтижесінде туындайтын қатерден қорғалуының жай-күйі. Қолайлы қоршаған орта дегеніміз - объектілерінің жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, ластануға жол бермеуді, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін орта [5,39-48бб.].

Қоршаған орта саласында адам құқықтарын қамтамасыз ететін халықаралық құқықтық актілер ретінде шарттар, конвенциялар, халықаралық ұйымдардың келісімдері, декларациялар және т.б. болып табылады. Жалпы алғанда, Қазақстан олардың жиырма шақтысына қол қойды, бірақ олардың әрекет етіп жатқанын көре алмай отырмыз. Қоршаған ортаға байланысты Рио-де-Жанейро декларациясында экологиялық сұрақтарды барлық мүдделі адамдардың қатысуымен қарау керектігі айтылған сондай-ақ адамдарға келтірілген зиянның орны міндетті түрде толтырылуы керектігіне ерекше көңіл аударылған. Осы декларацияның 13-қағидасында: «Мемлекет экологиялық зиян қызмет нәтижесінде және басқа да ластаудың салдарынан келтірілген зардаптардың алдан алу үшін компенсация көзделетін заңдар дайындау керек», - делінген[6]. Алайда, қазіргі таңда елімізде аталған қатынастарды нақты реттейтін заңның жоқтың қасы, тек жекелеген қысқа нормалар ғана бар, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 9-бабында: «Азаматтардың келтірілген зиянның толығымен өтілуіне құқықтары бар». – деген норма бекітілген, бірақ бұл нормаға тек ақшалай түрде бағалауға жататын бөліктер ғана кіреді [7]

Ал сонымен қатар ақшамен бағалау мүмкін емес зиянның бар екені белгілі, мысалы, гендік сипаттағы зардаптар, мүгедектік, денсаулығынан айырылу моральдық зардаптар, адам психикасында көрініс табатын факторлар және т.б сондықтан материалдық орнын толтыруға жатпайтын зияндарды да құқықтық реттейтін нақты механизм қажет. Қоршаған ортаның жағдайы туралы ақпараттың дұрыс көлемде берілмеуі құпияда ұсталынуы, адамдарға келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға кедергі келтіріп отыр. «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы» Орхус конвенциясының 4-бабында: «қазіргі және болашақ ұрпақтардың әрбір адамның, оның денсаулығы мен әл-ауқаты үшін қолайлы қоршаған ортада өмір сүру құқығын қорғауға жәрдемдесу үшін қолайлы қоршаған ортада өмір сүру құқығын қорғауға, экологиялық ақпаратқа қол жеткізу, жұртшылықтың шешімдерін қабылдау процесіне қатысуы, қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу құқығына кепілдік береді», - деген норма бекітілген [8].

Тағы бір айта кететін жайт, атмосфералық ауаға тасталатын зиянды газдардың үштен бір бөлігін тасымалдау көліктерінен шығатын газдар құрайды. Әрбір жеңіл көлік жылына ауаға 12-13 тонна улы заттар тастайды. Сонымен қатар, шетелдік және ұлттық өндірістік компаниялар, елдегі атмосфералық ауа мәселесін одан әрі өршіте түсті. Мысалы, «Қазақмыс», «Испат-Кармет» ірі компаниялары Қазақстан бойынша ластаушы ошақтарды

кұрайды.4 тонна ауаға тасталатын улы заттардың мөлшері апаттық жағдайға әкеліп отыр. Жезқазған қаласының әрбір тұрғынына 6 тонна, Балқаш қаласында 7-8 тонна, Қарағанды қаласында ол көрсеткіш 5 тоннаны құрайды екен. Соған қарамастан бұл компаниялар экологиялық салықтардан жиі босатылады және өте аз мөлшерде айып салынады екен.

Осы факторлардың әсер етуінен өндірістік қалаларда аурулардың белгісіз түрлері тараған. Адамдардың өмір сүруінің орта жасы бірден төмендей бастаған, сонымен қатар өлім саны да кенеттен өсіп кеткен. Мамандардың дәлелдеріне сүйенсек, қазіргі кезде халық шегіп отырған зардаптар болашақта бірнеше ұрпақтарға үлкен кері әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда күшін жойған «Халық денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасында мынандай ақпараттар бар: («Халық денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы ҚР Президентінің 2000 жылғы 16 -қарашадағы Жарлығына сәйкес Уран өндіретін кәсіпорындарды консервациялаудың және уран кен орындарын өндірудің салдарларын жоюдың 2001-2010 жылдарға арналған Бағдарламасы да қабылданды [9].

Қазақстан Республикасы аймағында қоршаған ортаны өндіріс пен тұтынудың қалдықтарымен ластаудан қорғаудың құқықтық реттелі мәселесіне адам денсаулығы мен қоршаған ортаны өндіріс қалдықтарымен ластаудан қорғаудың құқықтық реттеу мәселелері бойынша Ф.К.Абдрайымованың диссертациялық жұмысында, жалпы адам денсаулығы мен қоршаған ортаға келтірілген зиянды өндірістік кәсіпорындарының тұрмыстық қалдықтарын жиналатын орындарынан табылатының ескере келіп, өндірістік кәсіпорындарының тұрмыстық қалдықтарын жиналатын орындарынан қызметтік аясындағы табиғатты қорғау істерін ұйымдастыру бойынша атқару реттеуші функцияларды іске асыру принциптерін ұсынды [10].

Біздің ойымызша саралап қарасақ, денсаулыққа келтірілген экогендік зиянды өтеу заң тұрғысынан қараса өте күрделі мәселелердің бірі болып табылады, сондықтан адам денсаулығы мен қоршаған орта қалдықтарды зарасыздандыру жұмыстарын кешенді жүргізу, қалдықтардың көлемін азайту мен оларды қоршаған ортадан аластауға бағытталған мемлекеттің табиғатты қорғау қызметінің, оның өкілетті органдары мен шаруашылық субъектілерінің мазмұны бекітілген экологиялық нормативтіктер қамтамасыз етілуі қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар, заңгерлер көбінесе бұның себебін сондай зиянның туындау және пайда болуы ерекшелігінде деп пайымдайды. Бұл жерде туындау көзі ретінде экологиялық, ал пайда болу сипаттамасы антропологиялық адамға қатысты болып табылады. Сондықтан адамның денсаулығына келген зиянды өтеу азаматтық заңдармен реттелінеді.

Жоғарыда пайымдағанымыздай денсаулыққа зиян келтіру қоршаған ортаның сапалық жағдайындағы жағымсыз өзгерістер нәтижесінде экологиялық құқықтық нормаларымен тыйым салынған әрекеттер жасалған кезде ғана орын алуы мүмкін.

В.В.Петровтың пікірінше, экологиялық зиянның ұғымын алғашқы және қайталама зиян деп екіге бөліп қарастырды. Бұл орайда адамның денсаулығына келтірілген зиян ластанған қоршаған ортаның жағымсыз әсер нәтижесінде пайда болатындықтан, ол тудырушы сипатқа ие болып табылады[11]. Жоғарыда аталғандай объектінің үш тобы зиянды өтеудің тойтарыс берілген принциптерін қалпына келтіру, антропогендік әсердің жағымсыз салдары(орта, азаматтардың денсаулығы заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүліктері) бір бірімен тығыз байланыста. Атап айтқанда, біріншіден мемлекет антропогендік зиянның салдарынан жағымсыз әсердің пайда болу жолдарын сонымен қатар, табиғи орта компонентерін қалпына келтіру жолдарын алдын алу міндетті. Екіншіден, жеке және мүлікке зиянның келуін азайту, жәбірленушінің құқығын ақшалай өтем механизмі арқылы қамтамасыз ету.

Қазақстанда әсіресе үлкен қалаларда және аймақтарда индустрияның дамуы жоғары, адамдар әрдайым қоршаған ортаның жағымсыз жағдайларында өмір сүреді. Жағымсыз салдар адамдардың денсаулығына елеулі кешенді зиянды факторларды көрсетеді,оның ішінде:

- токсина (зиянды химиялық заттар тұрақтылығы, атмосфера ауасына,суға, басқада табиғи орталардың компоненттеріне құйылады)
- адамдардың денсаулығына қауіпті табиғатқа физикалық әсердің көздерінен (дыбыс, инфрадыбыс, ультрадыбыс, дірілдеу,әртүрлі диапозондағы электромагниттік жолдар, әрдайым магниттік сызықтар жердің геомагниттік серігі,ультрафиолеттік, инфрақызыл, лазерлік шағылыстар)
- Шынайы радиациондық шағылыс және антропогендік ластау[12].

Мемлекет экогендік зиянды өтеудің субъект ретінде деп атауға болама, себептері апат салдарынан болғаны туралы заңның нормасында атап көрсетпеген. Керісінше норма декларативті сипаттамаға ие. Заң зерттеулерінде бірде бір аталмаған, мемлекет экогендік зиянды өтеуді апат салдарынан нәтижесінен туғандықтан жауапкершілікке үйретуден бас тартудың негізі болып табылады деп сипаттайды.

Мемлекеттің қатысуымен «әлеуметтік кепілдік» ұғымын қадағалап отырады. Тәжірибеде мемлекеттік төлемнің көлемі мен сипаты,соның ішінде бір мезгілде зиянның шығыны ретінде, мүлікке залал келуін, инциденттің әрқайсысының жеке өз еркі шешімімен анықталады. Қаржыландырудың көзі ретінде мемлекеттік немесе жергілікті бюджет болуы мүмкін.

Азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның шамасын анықтау қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, ал зиянды өтеу сот шешімі негізінде жүргізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан келтірілген моральдық зиян ҚР азаматтық кодесінде белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс. Бұл арада экологиялық, еңбек және азаматтық құқықтың ұштасып жатқанын байқау қиынға соқпайды.

Азаматтардың денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жәбірленушінің, оның жақын туған-туысқандарының, заңды өкілдерінің, кәсіподақ органдары мен прокурордың талап қоюы бойынша сот шешімі негізінде жүргізіледі.

Қазақстанда осындай жағдайдың қалыптасуына бірнеше себептер бар бұл саладағы істер бойынша дәлелдер жинау қиын, сондықтан, соттар талаптарды қараған уақытта оларға сескенушілікпен қарайды. Себебі, Қазақстанның көп жерлері кешенді ластауға ұшыраған, ондай жағдайда нақты зиян келтірген қайнар көзді анықтау мүмкін емес деп айтса да болады;-бұл салаға қатысты талаптарды қарастыруда, шешімдер шығаруда тәжірибенін жоқтығы -экологиялық зардаптар бойынша экологиялық құқық бұзушылықтардың құрамын толық ашу қиынға соғып отыр. Өйткені, орын алған құқық бұзушылық әрекет пен оның зиянды салдары арасындағы себепші байланысты анықтау мүмкін емес. - азаматтарда экология саласындағы құқықтық сананын қалыптаспауы.

Қазақстанда адамдардың экологиялық құқықтарын қорғаудың қаржыландырылмайтындығы. Мысалы, экологиялық, медициналық, санитарлық – эпидемиологиялық сараптамаларды толық түрде жүргізу үшін көп мөлшерде қаржылар талап етіледі. Аталған факторлардың әсерінен Қазақстан Республикасында қолайсыз қоршаған ортамен келтірілген зиянның орнын толтыру үшін көзделетін өтемді төлеу әлі күнге дейін қалыпты дәрежеде жүзеге аспай отыр.Тек қана қоршаған ортаның қалыпты дамуын құқықтық деңгейде қамтамасыз ету арқылы адамдарға лайықты қоршаған орта тудыра аламыз.

Елімізде қоршаған орта саласында заңдардың жетілмегендігі халықтың денсаулығы мен өмірінде теріс көрініс табуда. Адамдар қорғаусыз қалғандықтан мемлекетке ешқандай сенім білдірмейді, яғни болашақтан үміт үзеді.

Сондықтан да осы мәселелерді шешу мақсатында денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толық көлемде толтыру үшін арнайы заңдар қабылдау қажет, моральдық зиянның орнын толтырудың құқықтық механизмі ретке келтірілуі тиіс, атап айтқанда экологиялық қолайсыз аумақтан мәжбүрлеп көшумен кәсібін ауыстыру, бала туу мүмкіндігінен айырылу немесе ауру бала табу қаупімен байланысты тән азабы. Ал, экология саласында жасалған қылмыстар міндетті түрде қатаң жазалануы керек және оның нәтижесінде зардап шеккен адамдарға төлем төленетін болса, жағдайдың өзгеретіні сөзсіз. Демек, қоршаған ортаға

құқықтың сақталуы, халықтың, ұлттың, жалпы мемлекеттің өркендеуіне шексіз мүмкіндік ашады.

Қолданылған әдебиет

1. Атмосфераның ластануы және қоршаған ортаға әсерін бағалау.// pex.kz/index.php.
2. Галямова З. «Право человека на благоприятную окружающую среду (право на возмещение ущерба причиненного здоровью неблагоприятной окружающей средой» // Сборник статей слушателей юридического университета-1998 –С.27-28.
3. Куратов С. Права человека и радиоактивные отходы //Правовая реформа в Казахстане - 2002 №1 -54б.
4. Мукашева А.А. Экологизация законодательства: адекватная необходимость. Эколого- правовая и практика Казахстан: проблемы рационального использования и охраны природных ресурсов. Материалы межд.кон.-Астана, 2005-Библиотека земельного права. Выпуск 6. С-83
5. Бринчук М.М. Эколого-правовая ответственность – самостоятельный вид юридической ответственности // Государство и право, 2009, № 4 с.39-48
6. Декларация по окружающей среде и развитию. Рио-де-Жанейро, 14-июнь.1992// Информационный справочник «ПАРАГРАФ».
7. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі.-Алматы:Юрист, 2010.(07.03.2014 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
8. Орхус конвенциясы. Дания. 1998// kaz.aarhus.kz.
9. Уран өндіретін кәсіпорындарды консервациялаудың және уран кен орындарын өндірудің салдарларын жоюдың 2001-2010 жылдарға арналған Бағдарламасы.// Информационный справочник «ПАРАГРАФ».
10. Абдраимова Ф.К. Проблемы правового регулирования охраны окружающей среды от загрязнения отходами производства и потребления в Республике Казахстан: автореф. ... канд.юрид.наук: 12.00.06. – Астана: ЕНУ, 2010. – С. 14
11. В.В.Петров.Экологического право России.-М.,1995,с.332
12. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі (21.06.2013. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

УДК 349.414

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Ыбырайым Айжан Мадиярқызы

I.Aizhan94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к, доцент Жусипова Б.А.

Каспий теңізі қайраңындағы көмірсутек шикізаты кенорындары жөнінде талас Орталық Азияға да, мәселен Әзірбайжан мен Түркіменстанға, Әзірбайжан мен Иранға тән. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мұнай барланған кенорындарына қатысты Қазақстан мен Ресей Федерациясының да өзіндік мүдделері бар, бірақ келтірілген мысалдардан өзгешелігі сол - бұл елдер арасында ол мәселе жөнінде шиеленісті қатынастар жоқ .

Жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастардың дамуының әлемдік тарихын зерделесек, әрқайсысы жер қойнауына қатысты тәуелсіз құқықты жүзеге асырған мемлекеттердің беттесуін көрсететін төрт маңызды кезеңнен тұратынын көруге болады.

1857 - 1917 жылдарды қамтитын бірінші кезеңінде жер қойнауын пайдалану жүйесінің құқықтық негіздерінің қалыптасу үдерісі жүріп жатты.